Балаларды қабылдау	<p>Әнұран айту. Таңертеңгі жаттығу «Қайырлы таң қолым»- алақанды сипаймыз. «Оянамыз көздерім!»шапалақтаймыз. Дидактикалық ойын: «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.</p>	<p>Сюжеттік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке,әдемілікке баулу. Қазақ тілі</p>	<p>«Тәулік бөліктері» Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту;тәулік бөліктерін атауға,ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Шарты: Балалар кезектесіп суретті алып,тәуліктің қай бөлігі екенін айтады.Сол сурет бойынша әңгіме құрайды. Математика негіздері</p>	<p>«Оң және сол » Мақсаты: Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Шарты: Бір баланы ортаға шақырып,оң қолына үлкен ойыншықты,сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма беріледі.Ойын осылай жалғаса береді. Математика негіздері</p>	<p>Сөздік ойын: «Жаңылтпаш» Мақсаты:Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту Сөйлеуді дамыту</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен әңгіме «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Дамытушы ойын «Қандай сандар жетіспейді» Мақсаты: 5 ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша орналастырып, түсіп қалған сандарды ретімен қойып барлығы қанша сұрағына жауап береді. (математика, танымдық қарым-қатынас дағды)</p>	<p>“Төлін тап” Мақсаты: Төрт түлік атауларын таныстыру: Төрт түлік иелерінің төлдерін атап айтып, қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. (Қазақ тілі, қарым қатынас дағдысы)</p>	<p>«Дөңгелек және сопақша» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді көріп және сипап сезу арқылы зерттеп оларға ұқсас заттарды топтай білуге үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. (Математика негіздері, танымдық ойын)</p>	<p>«Андар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жабайы андар, олардың сырқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы қысқа бейімделуін зерттейді. (Қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>«Бұл қандай түс» Мақсаты: Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерін атайды. Сурет салуда әр түрлі түстерді қолданады және де өзі таңдаған түстің атауын атайды. (Сурет салу, шығармашылық дағды)</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Аяқ пен бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу Қол белде, оңға, солға иілу. Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегеп Басқа гүлге барайық. Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру Саппен жүріп өту. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет»</p>	<p>Шеңберде аяқтың ұшымен өкшелеп жүру. Қол белде, оңға, солға бқырылыстар жасау. Қолдарын екі жаққа жайғызып, «Көбелек» жаттығуын жасату: ұшады, гүлге қонады, шырынын сорып, қайта ұшады. Қолдарымен күбідегі қымызды піскендей әрекеттер жасайды. Оң және сол қолдарын кезек көтеріп, еседі. Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велосипед тебу. Аяқ бірге, қолдарын</p>	<p>«Маған қарай жүріңдер» ойыны. Бір бағытта топтасып жүру. «Торғайлар болып ұшайық»: Әртүрлі бағытта жеңіл жүгіру, қайта жиналу. Шеңбер құрып тұра қалу. «Біздің қолымыз қайда?» жаттығуы: Балалар қолдарын артқа жасырып, аяқтарын сәл ашып тұрады. «Қолдарың қайда?» деп сұраған кезде, «Міне, біздің қолымыз!» деп</p>	<p>«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру. Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрлығы қолды артқа созу. Тұзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бұгу: «насоспен» дөңгелекке жел</p>	<p>1. Жүру, жұптасып жүргізу, бір қатарға тұрып жүру, аяқтың ұшымен жүріп келе жатып қолды жоғары күнге қарай созу. 2. «Қол жаттығуы». Екі аяқты иық денгейіне қою. Оң қолды көтеріп түсіру. Сол қолды көтеріп түсіру. 3. «Тербелу» жаттығуы</p>

		еңкейіп аяқ ұшына тигізу, қайта тіктелу.	көрсетеді. «Тик-так» жаттығуы. Сағат тіліндей екі жаққа кезек иілу. «Күнге қол созамыз».	үрлегендей қимылдар жасау.	
Таңғы ас	Ойын жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп. Торғайларға тастандар. Сөйлеуді дамыту	Тамақтану барысында, балаларды орындықтар дұрыс отыруларын қадағалау.	Мақал-мәтел: Ас атасы – нан. Арпа, бидай – ас екен, Алтын, күміс – тас екен. Бір түйір нанның қадірін, Тарыққанда білерсің
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қағаз бетінде бағдарлау» Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалады (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) Математика негіздері	«Құс бейнесінің суретін сал» Мақсаты: Дөңгелек, сопақша, шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін «құс қанаты», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботагөз» суретін салып олардың арасындағы арақашықтықты сақтайды. «Сурет салу, шығармашылық дағды»	«Өз үйіңді тап» Мақсаты: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. (Менің үйім, сенің үйің) (Қазақ тілі, қарым қатынас дағдысы)	«Лото» үстел үсті ойыны. Мақсаты: Балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу.	«Қуыршаққа арналған көйлек» Мақсаты: Қуыршақтың киімдерінің түстері туралы түсінік беру. Жұмысты ұқыпты орындауға, түрлі түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету. Жапсыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Дене шынықтыру Маман жоспарымен «Сөз құра» (Байланыстырып сөйлеу)	Музыка Маман жоспарымен «Бізге қар ұнайды» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын	«Қысқы шыршалар» Мақсаты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, ұқыпты	«Салыстыру» Мақсаты: Балалар жиын оның әр түрлі түстегі, пішіндегі, заттардан тұратындығын ажыратады. Заттарды	«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атап, ажыратады

<p>іс-әрекет</p>	<p>Мақсаты: Өңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді. (Сөйлеуді дамыту) Д/ойын: «Бұл кім» Мақсаты: Туыстық қарым қатынасты (сіңілі, жеңге, жезде, нағашы, жиен, бөле) білдіретін сөздерді ойын арқылы суретке қарап ажыратады. (Қазақ тілі)</p> <p>«Асықты түсіне қарай қорапшаға сал» Мақсаты: Әр түрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі асықтарды ажыратады. Асықтарды жұппен қою арқылы санамай салыстыру (Математика негіздері) Д/ойын: «Қуыршақты киіндір» Мақсаты: Дайын пішіндерден қуыршақтың пішінін қиып және қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру</p>	<p>атап, ажыратады. (жел, тұман, қар, боран) Д/О: «Қай құс немен қоректенеді?» Мақсаты: Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтап, қыстап қалған құстың жемін тауып береді. (Қоршаған орта)</p> <p>Д/ойын: «Санамақ» Мақсаты: 5-ке дейін реттік санап, 5 көлемінде тура және кері санайды. 1-5 саны қайдан шыққанын көрсетеді (4+1) (Математика негіздері)</p> <p>Д/ойын: «Түрлі түсті жолақтар» Мақсаты: Балалар түрлі түсті жолақтарды қылқаламмен бояп, сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен</p>	<p>болып, қауіпсіздікті сақтайды. (Сурет салу) Музыка Дене шынықтыру Маман жоспарымен «Диалог-ертегі» Мақсаты: ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауда, образды бейнелеу үшін (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады. еркін ойындарда таныс киіпкерлердің образын өздігінен сомдайды. (Көркем әдебиет)</p> <p>«Тан, күн, кеш, түн» Мақсаты: Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың спаттамалық ерекшеліктері (түндегі бейнелерді қалай атаймыз, олар қалай көрінеді) (Математика негіздері)</p> <p>«Тез жауап бер» Мақсаты: Қарым-қатынас барысында қойылған</p>	<p>жұппен қою арқылы оларды санамай ақ салыстыру оның тең немесе тең еместігін анықтайды. (Математика негіздері) (Дене шынықтыру) Маман жоспарымен «Ұзын құлақ ақ қоян» Мақсаты: Дайын пішіндерден жануарлар мен құстардың пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Көлемі бойынша ара қатынасын ескереді қағаз бетіне заттың бейнелерін қойып алады содан кейін оны ересектердің көмегімен желімдейді (Жапсыру) Д/О: «Кубизм әдісі» Мақсаты: Кубикті лақтырып аңдардың дыбысын салу.</p> <p>Д/ойын: «Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: Қағаздың парағын ортасынан бүктеп көлемді пішінге айналдырады. Қағаздың қиылған есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке</p>	<p>«жел, тұман, қар, боран») Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, күннің суықтағанын, жердегі қар мұзға айналады) эксперимент барысында құм, қар, су, мұз қасиеттерін анықтайды (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>«Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға түсінікті айтуға және айтылған сөздерді дұрыс толық құлаққа жеткізу.</p> <p>«Тақия тастау» Мақсаты: ойын арқылы дене бітімін тәрбиелеу, шапшаңдыққа мұқияттылыққа үйрету.</p>
------------------	---	---	--	---	---

	<p>кезінде көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдейді. Қағаз бетіне заттың бейнелерін құрастырады.</p> <p>(Жапсыру) Дойын: «Қиялдағы сурет» Мақсаты: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады.</p> <p>(Сурет салу)</p>	<p>жіңішке сызықтарды жүргізеді.</p> <p>(Сурет салу)</p> <p>«Аюдың үйі» Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және геометриялық пішіндерді көріп және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, ғимарат құрастырады.</p> <p>(құрастыру)</p>	<p>сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, өзі мен достарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып және дұрыс жауабын ұсынады.</p> <p>(Қазақ тілі)</p>	<p>есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салу.</p> <p>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау</p>	<p>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру</p>	<p>Кіп шапшаң? Балаларды шапшаң, әрі тиянақты киінуге дағдылардыру.</p>	<p>Ауа райы туралы әңгіме. Балабақшаға кімнен немен келгендігін әңгімелеу.</p>
Серуен	<p>«Қырауды бақылау» Мақсаты: Балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау Қимылды ойын: «Күн мен түн». Мақсаты: Балаларды әр түрлі қимыл қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа,</p>	<p>«Қысқы ағаштарды» бақылау Мақсаты: қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, қысқы ағаштарға назар аудару.</p>	<p>« Қарды бақылау» Жұмбақ жасыру Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады Қыс мезгілінде айналанын бәрі ақ Мамықтай жабады? Қар Қимылды ойын: «Аяз»</p>	<p>«Қар жауып тұрған құбылысты бақылау» Мақсаты: қарды жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру</p>	<p>«Құстарды бақылау» Мақсаты: қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау</p>

	ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу Еркін ойын: Балаларды өз бетімен ойнату.				
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп сөрелеріне орналастыру	Балалардың саппен топқа оралуы,сапта екі екіден жүру	Кім жылы сумен жуынса өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса- батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса- ештеме деп аталмайды ол бала	Серуеннен қайту. Киімдерін бүктеп жинастыру. Қолдарын сабындап жуу.	Көркем сөз: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің,мандайың.
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару,олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тағамды асықпай жеу керек.	Ас ішер алдында қолды жуу керек.	«Бата беру» Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесен, Тілегің қабыл болсын.	Тамақ ішіп болған соң балаларға қолдарын жууды қадағалау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арнаған әуен аудио-ертегі	Әлди-әлди ұйықтайгой	Бесік жырын тыңдату	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» Музыка	«Балапаным» музыка тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсек үстіндегі ұйқы ашу жаттығулары Массаж жолдарымен жүріп өту.	Төсек үстіндегі ұйқы ашу жаттығулары Нүктелі массаж	Төсек үстіндегі ұйқы ашу жаттығулары Беті қолды жылы сумен жуу.	Төсек үстіндегі ұйқы ашу жаттығулары Құрғақ щеткамен табанды ысқылау.	Төсек үстіндегі ұйқы ашу жаттығулары. Беті қолды жылы сумен жуу. ·
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақта-нуға	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	Ұқыпты,таза тамақтануға баулу.	Ас дәмді болсын!	Бет-қолдарын жуғызу. Астарыңыз дәмді болсын!

	баулу Астарыңыз дәмді болсын!				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Дөңгелектер» Мақсаты: Көлік түрлерінің қозғалысын(әуе,су,жерд е жүретін көліктер) ажыратып,оның түрлері және қолданылуы көліктің жабдығына байланысты айтады (Құрастыру) (Жапсыру)	Дидактикалық ойын: «Кім солай сөйлейді?» доппен ойын Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	«Өз үйінді тап» дидактикалық ойын Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. (Математика негіздері)	Танымдық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді көріп және сипап сезу арқылы зерттеп,сөйлеуде сын есімдерді қолданып салыстыру нәтижелерін атайды. (Математика негіздері)	Үстел үсті ойын: «Ит адамның досы» Мақсаты: Ит туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту. (Құрастыру) (Мүсіндеу)
Балаларме жеке жұмыс	Мақал-мәтел. Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.	«Мұзды бақылау» Мақсаты: Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау,жылы жерге әкеліп еріту,ойын арқылы бақылау жасау. «Түстес сақинаны тап» дидактикалық ойын: Мақсаты: қызыл,сары,жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйрету.	«Жаңылтпаш»жаттау Доп теп, дөптеп. «Түстес ыдысқа сал» дидактикалық ойын: Мақсаты: Түрлі түсті тастарды теріп алып,түстес ыдысқа салу арқылы саусақтың қимылын жетілдіру,бірбірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету.	«Мақал-мәтел» Отан отбасынан басталады «Мені қайтала» дидактикалық ойын Мақсаты: ересектердің сөзін қайталай отырып,сөздік қорын молайту,тілін жаттықтыру.	«Моншақты тізіміз»дидактикалық ойын Мақсаты: Алқанға сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңнен жіпке тізу арқылы қол қимылын,саусақ бұлшық етін дамыту
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалардың киіну ретін қадағалап, қалың киіндіру.	Балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.
Серуен	«Алаңдағы ағаштарды бақылау» Мақсаты:балаларды ағаштарды қыс кезінде	«Саябаққа саяхат» Мақсаты: қыстың белгілері туралы балалардың білімін анықтау. Қ/О: «Біз көңілді баламыз»	«Мұз сүңгісін бақылау» Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру	«Желді бақылау» Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау» Қ/О: «Әткеншек»	«Терезедегі өрнектерді бақылау» Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Қ/О: «Айлакер түлкі»

	қауын анықтап, білімін толықтыру. Қ/О: «Ордағы қасқыр» Еңбек: «Ағаштар түбіне қар үю» Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.	Еңбек: «Ауладағы қарды тазалау» Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтасын арттыру.	Қ/О: «Үйсіз қалған қоян» Еңбек: «Қыс қызығы» Мақсаты: Балалармен ата-аналар бірге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау.	Еңбек: «Құстарға жем шашу» Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Еңбек: «Ойыншық күректермен қарды күреу». Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруге үйрету.
Серуеннен оралу	Киімдерін ұқыпты шкафтарына шешіп, жинау. Беті-қолдарын жуу, сүлгімен құрғатып сүрту.	Көркем сөз: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	«Ең таза шкаф» Мақсаты: киімдерін ретімен орналастырады.	Серуеннен қайту. Киімдерін бүктеп жинастыру. Қолдарын сабындап жуу.	Балалардың киімдерін шкафқа ретімен жинауы
Кешкі ас	Нан бар жерде ән бар, Дәнді шашпа, нанды баспа.	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.	*Тиісті ас құралдарын пайдаланыңыз. Қандай тағамдарды қасықпен, қайсысын шанышқы мен пышақпен жейтінін ұмытпаңыз. • Еш нәрсе үшін үстелдің үстіне қолыңызды созбаңыз! Өтуді сұраңыз.	• Асықпа! Кішкентай тістеп жеңіз, аузыңызды жауып жақсылап шайнаңыз, саусақтарыңызды былғамаңыз немесе жабаңыз. • Тамақ ішу кезінде сөйлеспеңіз. • Қолыңызды және аузыңызды майлықпен сүртiңiз, сақ болыңыз. *Дастархан басында сыпайы болыңыз және тамақтан кейiн «рахмет» айтыңыз.	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.
Балалардың дербес әрекеті	Сюжеттік ролдік ойын: «Емхана»	Дид-қ ойын:	Қимылды ойын	Тіл ұстарту жаттығуы	Дидактикалық ойын «Не артық?»

(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсаты: балалардың дәрігер туралы ұғымын кеңейту, олардың құрал-жабдықтарымен таныстыру, ойынға деген қызығушылықтарын ояту.	«Мен айтамын, досым жасайды» Мақсаты: балалардың ептілігін, аңғарымпаздығын жетілдіру.	«Торғайлар мен автомобильдер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау	Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту, түстерді ажырата білуге қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарына балаларын тапсырып қоштасу. Ертеңгі күндеріне амандық тілеу!	Ата-аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Тобы : «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 27.02 - 03.03.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны. Мақсаты: сипап сезу арқылы қандай зат	Жыл мезгілі жайлы мнемо кестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу. Мақсаты: мнемокестеге қарап жыл	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсаты: қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	Д/ойын: «Менің көңіл - күйім» ойыны Мақсаты: көңіл күй бұрышындағы таңдаған суреттегі бейнені қайталап көрсету	Қимылды ұлттық ойын: «Соқыр теке бақ-бақ» Мақсаты: бақа, іздеп сөздеріндегі қ, і, дыбыстарын жеке, сөз

	жасырылғаның табады. Оны сипаттайды.	ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.		арқылы өзінің көңіл күйін білдіреді.	ішінде анық айтады . Ептілікке, тапқырлыққа үйренеді.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйлерін демалыс күндерін қалай өткізгендігін сұрау.	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны туралы". Әңгімелесу	Сұхбат сегізінші наурыз ертеңгілігіне дайындық туралы ату.	Балалардың денсаулығы, тазалығы туралы әңгімелесу.	"Балалардың ең сүйікті асы " кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дамытушы ойын: «Қарама қарсы сөзді айт» Мақсаты: Шама. Жуандығы , көлемі бойынша заттарды салыстырып, салыстыру нәтижелерін Ұзын-қысқа, биік-аласа, жуан -жіңішке сын есімдермен белгілейді. (математика, танымдық қарым-қатынас дағды)	Жаңылтпашты жаңылмай айт» Есет атам ет асатар Ет асатса бес асатар Мақсаты: Жаңылтпаштарды жаңылмай айтқызу. (қазақ тілі, қарым қатынас дағдысы	Д/О «Адасқан сандар» Мақсаты: 5-ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша атап, «нешінші?» сұрағына жауап беріп және қорытынды санды айтады, «барлығы қанша ?» сұрағына жауап береді. (математика негіздері, танымдық ойын)	Боямақтар бояу Мақсаты: Боямақтарды бояу кезінде әртүрлі түстерді қолданады, әдемі, таза бояйды. (сурет салу шығармашылық дағдысы)	Д/О: «Бес саусақ» Мақсаты: 5көлемінде тура және кері санайды, 1-5 саны қайдан шыққанын көрсетеді. (4+1) (математика негіздері, танымдық ойын)
Таңертенгі жаттығу	Таяқшалармен жаттығу.	Кішкентай шарлармен жаттығу.	Жалаушалармен жаттығу.	Сылдырмақтармен жаттығу.	Таяқшалармен жаттығу
Таңғы ас	«Ас - адамның арқауы» тақырыбында әңгімелесу.	Ботқа пайдасы туралы әңгімелесу	Нақыл сөз: Тәтті тағам емес, денсаулыққа пайдалы тағам тәтті.	Дастархан басында дұрыс отыру әдеп туралы әңгімелесу	Нан туралы тыйым сөздер. Нанды шашпа. Нанды бір қолмен жұлма.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістікте әр түрлі қимылдағы қозғалыстарды	Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Балалар геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (Куб, шар,	"Лото" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа үйрету.	"Қай жерде не бар?" топтағы ойышықтар дидактикалық ойыны. Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалады.	Д/ойын: «Жер, су, ауа» Мақсаты: Жерде, ауада, суда өмір сүретін тіршілік иелерін бір – бірінен ажырату. (Қоршаған орта)

	жасайды. Құралдары: Өртүрлі қимылдағы суреттер.	цилиндр) танып атайды. (математика)		(Математика)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Маман жоспарымен Д/ойын: «Мен кіммін?» Мақсаты: Байланыстыра сөйлеу. Әңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді. (Сөйлеуді дамыту.) Д/ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Туыстық қарым қатынсты («сіңілі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен », «бөле») білдіретін сөздерді ойын арқылы ажыратады. (Қазақ тілі) Д/ойын: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Бөліктерден сюжетті сурет құрастыруға машықтандыру. (Құрастыру) Д/ойын:	Музыка Маман жоспарымен Д/ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Тілдің граматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. (меніңүйім, сенің үйің...) (Қазақ тілі) Д/ойын: « Заттарды бір сөзбен ата» Мақсаты: Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен атау. (Ойыншықтар, киімдер т.б.) Сөйлеуді дамыту. Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау) Мақсаты: Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын соңын ойдан құрастырады. Ойын шарты: үй жануарларына байланысты суреттер алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын	Дене шынықтыру Маман жоспарымен Музыка Маман жоспарымен Д/ойын: «Мамандықтар» Мақсаты: Ересектердің мамандықтарын зат есімдермен , еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтырады. Мысалы: шаштараз шаш үлгісін жасайды, қияды, өрнек сызады т.б. (Сөйлеуді дамыту) Еркін ойын: «Бұл қай ертегінің кейіпкерлері?» Мақсаты: Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізіп, кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді. (Қазақ тілі) «Не дәмді?» ертегісі Мақсаты: Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.	Дене шынықтыру Маман жоспарымен Сюжетті рөлдік ойын: «Қонақты қалай күтеміз?» Мақсаты: Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін атайды, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру , қонақты шығарып салу дәстүрлерін ажыратып, үлкендерді сыйлауға , дастархан басында әдептілікті сақтайды. (Сөйлеуді дамыту) Д/ойын: «Төрт түлікті кім бағады?» Мақсаты: Төрт түлік бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларымен таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіріп, төрт түлік	Д/ойын: «Ойlanda аяқта » Мақсаты: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолданады. Тілдің граматикалық құрылымын дұрыс сақтауын қалыптастыру. Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар аяқтайды. Мысалы: Қарға ұшады, ал ат (шабады) (Сөйлеуді дамыту) «Қолғап» украин халық ертегісін сахналау Мақсаты: Сөйлеу мәнерлері мен сөйлемді дұрыс құрау дағдыларын дамыту. Шарты: Оң-солды ажыратып, қолғаптың сыңарын табады (Көркем әдебиет) «Көңілді доп» Мақсаты: Қоршаған ортадағы заттар мен

	<p>«Құмырадағы гүл» Мақсаты: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады. (Сурет салу) «Анама гүл сыйлаймын» Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, гүлдерді қиюда қолданады. (жапсыру) «Раушан гүлі» Мақсаты: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, бөліктерді біріктіреді. (мүсіндеу) Шығармашылық дағды</p>	<p>келтіріп, (мө-мө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, құлыншағым.т. (Көркем әдебиет) Д/ойын: «Жол ережесін білесін бе?» Топтық жұмыс. Мақсаты: Берілген ресурстар бойынша өз қалауыменен топқа бөлінеді. . Бірінші топ: сурет салу Мақсаты: Жол белгілерінің суретін салуда еңкеймей арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орның таза ұстайды Екінші топ: Ермексазбен жол белгілерін мүсіндейді. Мақсаты: Мүсіндеуде Қысу, тарту, басу әдімтерін қолданады. Үшінші топ: Қағазбен жұмыс. Мақсаты: Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды.</p>	<p>Шарты: баланың көзі жұмылады. Қоржынға салынған көгөністер мен жемістер қолдарына алып, оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек. Ойында тапқан жемісімізді немесе көгөністі сипап сезу арқылы жылдам баяндап беру керек екенін айту. (Көркем әдебиет) Д/ойын: «Кесені безендір» Мақсаты: Пішінің ескере отырып, ою өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін Олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтап ұлттық оюмен кесені безендіру. Д/ойын: «Оюды құрастыр» Мақсаты: Оригами үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. (Сурет салу, құрастыру) Шығармашылық дағды)</p>	<p>иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. (Қазақ тілі) Ертегіде қонақта (Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу) Мақсаты: Ертегі мазмұнын әңгімелей білу дағдыларын дамыту. Шарты: Шеңбер болып тұрамыз, ортаға текше тасталынады. Текшеде қандай кейіпкер суреті түссе, сол ертегі жайында айтып береміз. Мысалы: текшеден ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан суреті кездесті делік. Бұл ертегінің аты қалай? – Бұл «Шалқан» ертегісі. (Ертегі мазмұнын әңгімелейді). – Содан соң атай не істепті? Келесі баладан жалғасын сұрайды. (Көркем әдебиет) Д/ойын: «Құстар» Мақсаты: Дайын пішіндерден құстардың пішінің қиып және қағаз бетіне орналастырады.</p>	<p>өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді атайды. (Қазақ тілі) Ою «Құс қанаты» Мақсаты: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі, қазақ оюларының элементтерін салу. Д/ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Суреттегі таныс оюларды табу және олардың қиылған бөлшектерін құрастыру. (Сурет салу, құрастыру,) Д/ойын: «Текеметті безендіру» Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады. (жапсыру, мүсіндеу)</p>
--	--	--	--	--	--

<p>2-таңғы ас</p>	<p>Ас алдында гигиеналық процедураларды орындау .</p>	<p>Оларды қағаз бетіне орналастырады. Төртінші топ: Қиынды бөліктерден жол белгілерін құрастырады. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Шығармашылық дағды)</p> <p>Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)</p>	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,,көркем сөздерді қолдану</p>	<p>Д/ойын: «Құстарды тамақтандырамыз» Дәнді дақылдар жасау. Мақсаты: Мүсінделген заттың фигуралардың бетін тегістейді. Д/ойын: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Қиынды суреттерден құстардың бейнесін құрастыру. (Жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Шығармашылық дағды)</p> <p>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)</p>	<p>Ас алдында гигиеналық процедураларды орындау .</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киіну алғартимі дұрыс сақтау жөнінде айту.</p>	<p>Киім туралы тыйым сөздер Бас киіммен ойнама, жерге тастама.</p>	<p>Шкаф ішін жинауға үйрету, қадағалау.</p>	<p>Санамақ жаттайық.</p>	<p>Жаңылтпаштар айту.</p>
<p>Серуен</p>	<p>Боранды күнді бақылау. Мақсаты: Желді күнгі</p>	<p>Қардың түсуін бақылау.</p>	<p>Бақылау «Қардағы күс іздері»</p>	<p>Қарғаларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың</p>	<p>Ағаштарды бақылау.</p>

	<p>қардың қозғалысы туралы түсінік беру.</p> <p>Жұмбақ Жерді тырнап, бұтаны ырғап, Шөпті сипап, ұшады зырлап, Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран)</p> <p>Көркем сөз «Ақ боран» Ә.Табылды Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі. Ақ боран -ау, ақ боран, Алай – түлей соқ боран. Ақ қар ұшып үйрілсін, Ауламызға үйілсін. Тәрбиеші сұрақтары: Қалай ойлайсындар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір -біріне араласуы) Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр) Қ/ойын: «Желдиірмен» Мақсаты: Ойын мазмұнына сай</p>	<p>Мақсаты: Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қардың түсуі туралы білімдерін молайту. Әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</p> <p>Көркем сөз «Қыс» Т.Молдағалиев Жауа жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады. Иығыңа қонады кеп, Мойныңа да қонады. Жауып бігер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың, Табиғаттың ақ көрпесін басуға да қимайсың.</p> <p>Сұрақтар: Ауа райы қандай болған кезде қар жабысқақ болады? Аяқ астында қар неге сықырлайды? Қар неге ұлпа болады? Айналаға қараңдаршы қандай әсем құбылыстарды көріп тұрсындар?</p> <p>Зерттеу жұмысы Ұшып келе жатқан қарды парак бетіне қондыру, қардың</p>	<p>Мақсаты: Қардағы құс іздерін тани білуге үйрету. Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.</p> <p>Сұрақтар: Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Қалай ойлайсындар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұксас із іздестіріледі. Құстардың ізі арқылы нені білуге болады?</p> <p>Зерттеу жұмысы: Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.</p> <p>Еңбек: Қардан қала тұрғызуға қар жинау.</p> <p>Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істей білулерін</p>	<p>өмірімен танысуды жалғастыру. Қарғалардың тіршілігін бақылау, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Қара түсі қарқылдақ, Ұшып, қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды Жем іздейді там – тұмдап. (қарға) Қарға қыстап қалатын құс ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс әрекетіне қарап ауа райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады. Қарға таңертеңгісін ағаштың басында отырса бұрқасын боран болады.</p> <p>Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин Қарға, қарға қарғалар Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қор болар, Бұтаға келіп қорғалар. Қысып кетсе сары аяз,</p>	<p>Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.</p> <p>Әңгімелесу. Қалың жауған қар ағаш тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін. Ағаштар неге қыста өспейді?) «Аядым» М.Әлімбаев Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын» деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. Еңбек: Жауған қарды ағаш түбіне үю.</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>қимылдар жасау. Жаттығу ойындары қимылдарды дамыту. Мақсаты: секіру техникаларын дамыту</p>	<p>қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).Еңбек: Өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қ/ ойын: «Ыстық-суық».Мақсаты: Тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойындары. Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету. Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</p>	<p>қалыптастыру.Жұмысты жоспарлау. Қ/ойын: «Ізбе із» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау.Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу.Ептілікке баулу. Жаттығу ойындары. Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру. Мақсаты: Қимыл қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: Қар көп болса нан көп болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса , күн жылынады. Ит қарға аунаса қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.</p>	<p>Көзден жасы сорғалар Қар үстінен жем көрсе, Қапелімде қолға алар Екі шоқып , бір қарар. Еңбек: Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу. Қ/ойын: «Пингвиндер доп ойнап жүр» Мақсаты: Екі аяқпен секіруді күрделендіру, екі аяқ арасында допты қыстырып алға жылжу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: нысанға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</p>	<p>Мақсаты: Ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді?» Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту. Жке жұмыс: «Затты тап» Мақсаты: Балабақша ауласын бағдарлай білулерінбекіту.Затты сипаттау бойынша табу.</p>
Серуеннен оралу	<p>«Ең жинақы» ойыны Шарты: киімдерін ретімен жинап, бірінші болған балаға «Алқа» беріледі, ол тәрбиешіге көмектеседі.</p>	<p>«Ең таза шкаф» Мақсаты: киімдерін ретімен орналастырады</p>	<p>«Ең жинақы» ойыны Шарты: киімдерін ретімен жинап, бірінші болған балаға «Алқа» беріледі, ол тәрбиешіге көмектеседі.</p>	<p>«Қауіпсіздік» ойыны Мақсаты:серуеннен оралғанда баспалдаққа көтерілгенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды</p>	<p>«Ең жинақы» Шарты: киімдерін ретімен жинап, бірінші болған балаға «Алқа» беріледі, ол тәрбиешіге көмектеседі.</p>

Түскі ас	Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз	«Баяу және мұқият тамақтануды біл» -Тамақтану кезінде дастархан басындағы өзін-өзі ұстау ережелері.	Баталар жаттау Барыс-келіс көп болсын, дұшпандарың жоқ болсын,Қыдыр дарып, бақ қонып, дастарқаның мол болсын!	Нана туралы тыйым сөздер Нанның қиқымын шашпа. Нанмен ойнама.	Мақал мәтел Ас атасы -Нан
Күндізгі ұйқы	Баяу әуен тыңдау.	Ертегі оқып беру.	Әуенді музыка қосу.	Ырғақты ән айтып беру.	Ертегі айту.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ояну жаттығуы. Қайырлы таң, көздерім! Қайырлы таң, құлақтарым! Қайырлы таң, беттеріміз! Қайырлы таң, қолдарымыз! Қайырлы таң, аяқтарымыз!	Жәй музыка әуенімен ұйқымыздан оянамыз. Керілеміз, созыламыз. Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3.	Жәй музыка әуенімен ұйқымыздан оянамыз. Керілеміз, созыламыз. «Денсаулық» жолымен жүру.	Жәй музыка әуенімен ұйқымыздан оянамыз. Керілеміз, созыламыз. Көзге арналған жаттығулар жасау. 3-5 секунд көзді қатты жұмып, ашамыз (6-8) ретқайталаймыз.Кірпікті тез-тез қағамыз. Тоқтаймыз, қағамыз.	Жәй музыка әуенімен ұйқымыздан оянамыз. Керілеміз, созыламыз. Көңілді қоңыздар» массаж түрлері
Бесін ас	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Нан қалай келеді? әңгіме	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Қандай ертегінің суреті?» Мақсаты: Ертегі мазмұның қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтап,автор сөздерін айтады,сұрақтарға	Д/ойын: «Не немен қоректенеді? » Мақсаты: Жануарлардың, аңдардың, қоректенетін тағамдарын атайды.	Д/ойын: «Не қажет?» Мақсаты: зейінді дамыту, шығармашылық сөйлеу қабілетін дамыту. (коммуникативтік іс–	Д/ойын: «Табиғат құбылыстары » Мақсаты: берілген суреттегі табиғат құбылыстарын атау олар туралы айтады. (Қоршаған ортамен таныстыру – әлеуметтік дағды)	Дидактикалық ойын: «Жүреді, жүзеді, ұшады» Мақсаты:Көлік түрлерін ажырата алады. Сөздік қоры молайады. (Қоршаған ортамен
---	---	--	--	---	---

	жауап береді. (Көркем әдебиет - коммуникативтік дағды)	(Қоршаған ортаментаныстыру – әлеуметтік дағды)	әрекет, сөйлеуді дамыту дағдысы)		таныстыру – әлеуметтік дағды)
Балалармен жеке жұмыс	Тілге артикуляциялық жаттығу	С Ш, З Ж дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.	Жаңылтпашты жатқа айтуға үйрету	Тілге артикуляциялық жаттығу	Үлкен кіші салыстыр
Серуенге дайындық	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)
Серуен	Еркін ойындар. Ойыншықтармен еркін шығармашылық ойындар	«Қар лақтыру» (Қимылдық ойын)	«Күн мен түн»	«Ақ қояндар»	«Жел, боран» Күреппен қар күреу
Серуеннен оралу	«Кілемше» Кілемшеміз жайылған Ол тектен тек тұрмайды Табандарын тазалап Топта тазалық сақтайды.	«Ең жинақы» ойыны Шарты: киімдерін ретімен жинап, бірінші болған балаға «Алқа» беріледі, ол тәрбиешіге көмектеседі.	«Ең таза шкаф» Мақсаты: киімдерін ретімен орналастырады.	«Қауіпсіздік» ойыны Мақсаты:серуеннен оралғанда баспалдаққа көтерілгенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды	«Ең жинақы» ойыны Шарты: киімдерін ретімен жинап, бірінші болған балаға «Алқа» беріледі, ол тәрбиешіге көмектеседі.
Кешкі ас	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы,	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)

		Ынтымақ көптің батасы»			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер» Балалардың еркін ойыны	Ұлттық ойын : «Тақия тастамақ» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын: «Түлкі мен балапандар»	Кітап бұрышында кітаптар қарау, түрлі түсті боямақтар бояу.	Ұлттық ойын: «Асық ату», «Бес тас».
Балалардың үйге қайтуы	Ата –анаға кеңес: «Денсаулықты шынықтырамыз»	Ата –анаға кеңес: «Тұмаудан сақтару жолдары»	Балалардың шығармашылық жұмыстарын көрсету.	Балалардың тәртібі туралы әңгімелесу	Бала үшін ескеру (қызығушылығы мен қажеттілігіне тапсырма)